

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 наурыздағы № 527 Жарлығы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Жарлық 2013 жылғы 26 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі
актілерінің жинағында жариялануға тиіс

Қ А У Л ы Е Т Е М І Н :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мына жарлықтарына өзгерістер енгізілсін :

1) күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);

2) «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 16 қ а р а ш а д а ғы № 4 3 5 Ж а р л ы ғы н а :

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларда:

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 24, 173-құжат; 2011 ж., № 8, 95-құжат; 2011 ж., № 52, 710-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесінде:

мынадай мазмұндағы 62-1-тармақпен толықтырылсын:

«62-1. Егер бағалау қорытындылары бойынша бағаланып отырған мемлекеттік орган қызметінің тиімділік көрсеткіштері төмендегені, сондай-ақ сеніп тапсырылған саладағы (қызмет саласындағы) ахуалдың нашарлағаны анықталса, Сараптама комиссиясы істің жай-күйіне бағалау жүргізілген орталық атқарушы органның тиісті мемлекеттік саяси қызметшісінің жауаптылығы туралы мәселені қарауға ұсыныс е н г і з е д і . » .

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Осы Жарлық 2013 жылғы 26 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н.Назарбаев.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

2 2

н а у р ы з д а ғ ы

№

5 2 7

Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 0

ж ы л ғ ы

2 1

қ а ң т а р д а ғ ы

№

3 2 7

Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу қағидалары

Ескерту. Қосымшаның күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).